



Қазақстан Республикасының Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 96 Заңы

Қазақстан Республикасы Боннда 1979 жылғы 23 маусымда жасалған Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенцияға қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚОНЫС АУДАРАТЫН ТҮРЛЕРІН САҚТАУ Т У Р А Л Ы КОНВЕНЦИЯ

У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р ,

жабайы жануарлар олардың көптүрлілігі қалпында Жер табиғаты жүйесінің ештеңемен айырбастауға болмайтын бөлігі болып табылатынын және адамзат игілігі үшін сақталуға тиіс екенін ТАНИ ОТЫРЫП,

адамдардың әрбір ұрпағы болашақ ұрпақтар үшін табиғи ресурстардың сақтаушысы болып табылатынын және осы мұраның сақталуын қамтамасыз етуге - немесе ол қай жерде пайдаланылса да, - оны ақылға қонымды сипатта пайдалануға міндетті екенін С Е З І Н Е О Т Ы Р Ы П ,

қоршаған орта, экология, генетика, ғылым, эстетика, демалыс, мәдениет және тәрбие көзқарасы тұрғысынан, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда жабайы жануарлардың барған сайын өскелең маңызын СЕЗІНЕ О Т Ы Р Ы П ,

әсіресе ұлттық юрисдикция шекараларынан тысқары жерге немесе тысқары жерлерде қоныс аударатын жабайы жануарлар түрлеріне қатысты АЛАНДАУШЫЛЫҚ Б І Л Д І Р Е О Т Ы Р Ы П ,

мемлекеттер өздерінің ұлттық юрисдикциясы шекаралары шегінде мекендейтін және осы шекаралардан өтетін жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерінің қорғаушылары болып табылатынын және қорғаушылары болуға тиіс екенін ТАНИ О Т Ы Р Ы П ,

жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін тиімді түрде реттеп отыру осы түрлер ұлттық юрисдикциясы шегінде өздерінің өмір сүру циклінің қандай да бір бөлігін өткізетін барлық мемлекеттердің бірлескен іс-қимылын қажет ететініне С Е Н І М Д І Б О Л А О Т Ы Р Ы П ,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адамдарды қоршаған орта проблемалары жөніндегі конференциясы қабылдаған (Стокгольм, 1972 ж.) және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас

Ассамблеясының XXVIII сессиясында қанағат сезімімен назарға алынған Іс-қимыл жоспарының 32-ұсынысын ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, мына төмендегілер жайында келісті:

I бап. Айқындаулар

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

a) "қоныс аударатын түр" - едәуір бөлігі ұлттық юрисдикцияның бір немесе бірнеше шекарасынан ауық-ауық және бұлжымас айқындықпен өтетін жабайы жануарлардың кез келген түрлерінің немесе олардың кез келген неғұрлым төменгі таксондарының бүкіл таралымын немесе географиялық тұрғыдан оқшауланған бөлігін білдіреді;

b) "қоныс аударатын түрдің сақталу мәртебесі" - осы қоныс аударатын түрдің таралуына және санына әсер етуі мүмкін ықпалдардың жиынтығын білдіреді;

c) "сақталу мәртебесі", егер;

1) таралым серпіні туралы деректер қоныс аударатын түр ұзақ мерзім бойына өзінің экологиялық жүйелерінің тіршілік етуге қабілетті бөлігі болып қалатынын көрсетсе;

2) қазіргі кезде қоныс аударатын түрдің таралу аймағы тарылмаса немесе ұзақ мерзімдік негізде мұндай таралуы екіталай болса;

3) қазіргі кезде осы қоныс аударатын түрдің таралымын ұзақ мерзімдік негізде сақтау үшін жеткілікті тіршілік ортасы бар болса және ол таяу болашақта да болатын
б о л с а ;

4) осы қоныс аударатын түрдің таралуы мен саны тіршілік ету кеңістігі және көлемі бойынша ықтимал жарамды экологиялық жүйелер орын алатын деңгейде және бұл тірі табиғатты ақылға қонымды сипатта басқаруға сәйкес келетін деңгейде тарихи қалыптасқан жағдайларға жақындап қалған болса, "қолайлы" деп саналады;

d) егер осы тармақтың "с" тармақшасында көрсетілген шарттардың бірі сақталмаса, "сақталу мәртебесі" "қолайсыз" деп саналады;

e) "құрып кету қаупі төнген" - белгілі бір қоныс аударатын түрге қатысты бұл түрге оның бүкіл таралу аймағында немесе оның едәуір бөлігінде құрып кету қаупі төнгенін
б і л д і р е д і ;

f) "таралу аймағы" - қоныс аударатын түр мекендейтін немесе уақытша аялдайтын, сондай-ақ әдеттегі қоныс аудару барысында ол жүріп өтетін немесе үстінен ұшып өтетін құрлық жердің бүкіл аумағын немесе су айдынын білдіреді;

g) "мекендейтін жер" - қоныс аударатын түр үшін жарамды тіршілік ету жағдайлары бар осы түрдің таралу аймағы шегіндегі кез келген аумақты білдіреді;

h) "таралу аймағының мемлекеті" - белгілі бір қоныс аударатын түрлерге қатысты осы қоныс аударатын түрлердің таралу аймағының қандай да бір заң билігін жүзеге асыратын кез келген мемлекетті немесе ұлттық заң билігі шегінен тыс осы қоныс аударатын түрлердің дарағын олжалаумен шұғылданатын кеме жалауы астындағы мемлекетті (және, қажет болып табылатын жерлерде, осы тармақтың "к" тармақшасында айтылған кез келген басқа Тарапты) білдіреді;

i) "олжалау" - өндіруді, аң аулауды, балық аулауды, ұстауды, үркітуді, қасақана қырып-жоюды немесе осындай іс-қимыл жасау әрекетін білдіреді;

j) "Келісім" - осы Конвенцияның IV және V баптарына сәйкес бір немесе бірнеше қоныс аударатын түрлерді сақтау туралы халықаралық Келісімді білдіреді; және

k) "Тарап" осы Конвенция қамтитын мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге, халықаралық Келісімдер жасасуға және орындауға қатысты құзіреті бар және өздері үшін осы Конвенция күшінде болатын мемлекетті немесе егемен мемлекеттер құрған кез келген өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымын білдіреді.

2. Осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдары өздерінің құзіретіндегі мәселелерде өздерінің атынан құқықтарды пайдаланады және осы ұйымға мүше мемлекеттер үшін осы Конвенциядан туындайтын жауаптылықта болады. Мұндай жағдайда осы ұйымдарға мүше мемлекеттер осы құқықтарды әрқайсысы жеке-жеке пайдалана алмайды.

3. Осы Конвенция не "дауыс беруге келген және қатысып отырған Тараптардың" үштен екі көпшілік дауысымен, не бірауыздан шешім қабылдауды көздейтін жағдайларда не "жақтап", не "қарсы" дауыс беретін қатысып отырған Тараптарды" білдіреді. Дауыс беруден қалыс қалған Тараптар көпшілікті анықтау кезінде "дауыс беруге келген және қатысып отырған Тараптарға" қосылмайды.

II бап. Негізгі принциптер

1. Тараптар сақталу мәртебесі қолайсыз қоныс аударатын түрлерге ерекше назар аударып отырып, сондай-ақ осындай түрлерді және олардың мекендейтін жерлерін сақтау үшін қажет онтайлы шараларды жеке тәртіппен немесе ынтымақтастық арқылы қолдана отырып, қоныс аударатын түрлерді сақтаудың және мүмкін болатын және мақсатқа лайық жерлерде осы мақсаттарда қолданылатын шараларды осы түрлердің таралу аймағы орналасқан мемлекеттермен келісіп алудың маңыздылығын м о й ы н д а й д ы .

2. Тараптар қоныс аударатын түрлердің құрып кету қаупінің алдын алуға бағытталған шаралар қолдану қажеттігін мойындайды.

3. А т а п а й т қ а н д а , Т а р а п т а р :

a) қоныс аударатын түрлерге қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға жәрдемдесуге және оларды жүзеге асыруда ынтымақтастық жасауға;

b) I қосымшаға енгізілген қоныс аударатын түрлерді шұғыл түрде қорғауды қ а м т а м а с ы з е т у г е к ү ш с а л у ғ а ;

c) II қосымшаға енгізілген қоныс аударатын түрлерді сақтау және оларды басқару туралы келісімдер жасасуға күш салуға тиіс.

III бап. Құрып кету қаупі төнген қоныс аударатын түрлер:

I қ о с ы м ш а

1. I қосымшада құрып кету қаупі төнген қоныс аударатын түрлердің тізімі к е л т і р і л г е н .

2. Қоныс аударатын түрге құрып кету қаупі төнгенін көрсететін анық дәлелдер, сонымен бірге қолда бар ғылыми айғақтардың ең таңдаулылары болған жағдайда осы түр І қосымшаның тізіміне енгізілуі мүмкін.

3. Егер Тараптар Конференциясы:

а) осы түрге құрып кету қаупі енді төнбейтінін көрсететін анық дәлелдер, сонымен бірге қолда бар ғылыми айғақтардың ең таңдаулылары бар екенін; және

б) осы түрді І қосымшадан шығарып тастау нәтижесінде оны қорғаудың тоқтатылуына байланысты оған құрып кету қаупі, сірә, қайтадан төнбейтінін анықтаса, қоныс аударатын түр І қосымшадан шығарылып тасталуы мүмкін.

4. І қосымшаның тізімінде аталған қоныс аударатын түрлердің таралу аймағының мемлекеттері болып табылатын Тараптар:

а) осы түрлерді құрып кету қаупінен сақтау үшін маңызды олар мекендейтін жерлерді сақтауға және, бұл мүмкін және мақсатқа лайық болса, қалпына келтіруге;

б) осы түрлердің қоныс аударуын елеулі түрде қиындататын немесе оған жол бермейтін іс-әрекеттер мен тосқауылдардың зардаптарын болдырмауға, жоюға, оларға өтем жасауға немесе, қаншалықты мақсатқа лайық екендігіне орай, оларды барынша азайтуға;

с) мүмкіндігінше және бұл мақсатқа лайық жерлерде осы түрлерге қауіп төндіретін немесе, сірә, әлі де қауіп төндіре беруі мүмкін факторлардың әсеріне жерсіндіруді қатаң түрде реттеп отыруды немесе бұдан бұрын жерсіндірілген экзотикалық түрлерді реттеуді немесе жойып жіберуді қоса, бұл әсерді болдырмауға, оны азайтуға немесе бақылап отыруға күш салатын болады.

5. І қосымшаның тізімінде аталған қоныс аударатын түрлердің таралу аймағының мемлекеттері болып табылатын Тараптар жануарлардың бұл түрін олжалауға тыйым салады, егер:

а) олжалау ғылыми мақсаттарға қызмет етсе;

б) олжалау құрып кету қаупі төнген түрдің өсімін молайтуға немесе аман сақталып қалуына жәрдемдесу мақсатында жүзеге асырылса;

с) олжалау осы түрді дәстүрлі пайдаланушылардың көкейтесті қажеттерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылса; немесе

д) мұны төтенше жағдайлар талап етсе ғана ерекшелікке жол беріледі; бұл үшін мұндай ерекшеліктер өзінің мазмұны жағынан дәлме-дәл, аумақтық және уақыт жағынан шектеулі болуы шарт. Осылай олжалаудың бұл түр үшін қолайсыз зардаптары болмауы тиіс.

6. Тараптар Конференциясы 1-қосымшаға енгізілген қоныс аударатын түрдің таралу аймағының мемлекеттері болып табылатын Тараптарға осы түр үшін қолайлы деп саналатын шараларды одан әрі қолдануды ұсына алады.

7. Тараптар мейлінше қысқа мерзім ішінде осы Баптың 5-тармағына сәйкес жасалған кез келген ерекшеліктер туралы Хатшылықты хабардар етеді.

IV бап. Келісімдер нысанасы бола алатын қоныс аударатын түрлер:

І І қ о с ы м ш а

1. II қосымша сақталу мәртебесі қолайсыз болып табылатын, сақтау және реттеу үшін халықаралық келісімдер қажет болатын қоныс аударатын түрлерді, сондай-ақ сақталу мәртебесі халықаралық келісім негізінде жүзеге асырылуы мүмкін халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесінде айтарлықтай жақсартылған түрлерді қ а м т и д ы .

2. Егер мұны жағдай талап етсе, қоныс аударатын бір ғана түрдің өзі I қосымшаға да, II қосымшаға да енгізілуі мүмкін.

3. II қосымшаға енгізілген қоныс аударатын түрлердің таралу аймағының мемлекеттері болып табылатын Тараптар осы түрлер үшін қолайлы Келісімдер жасасуға күш салатын болады және сақталу мәртебесі қолайсыз түрлерге басымдық б е р у г е т и і с .

4. Тараптар өкілдері ұлттық юрисдикцияның бір немесе бірнеше шекарасынан ауық-ауық өтіп тұратын жабайы жануарлардың кез келген түрінің немесе неғұрлым төменгі таксонының кез келген таралымы туралы немесе таралымның географиялық жағынан оқшауланған кез келген бөлігі туралы Келісімдер жасасу мақсатында шаралар қ о л д а н у ғ а т и і с .

5. Осы Баптың ережелеріне сәйкес жасалған әрбір Келісімнің көшірмесі Хатшылыққа жіберіледі.

V бап. Келісімдердің нысаналы шеңберлері

1. Әрбір Келісімнің мақсаты осы қоныс аударатын түрдің сақталуының қолайлы мәртебесін қалпына келтіру немесе қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір Келісім бұл мақсатқа қол жеткізуге қызмет ететін осы қоныс аударатын түрді сақтау мен реттеу а с п е к т і л е р і н қ а м т у ғ а т и і с .

2. Әрбір Келісім осы қоныс аударатын түрдің бүкіл таралу аймағын қамтуға және олар осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, осы түрдің таралу аймағының барлық мемлекеттерінің қосылуына ашық болуға тиіс.

3. Келісім мүмкіндігінше бірнеше қоныс аударатын түрді қамтуға тиіс.

4 . Ә р б і р К е л і с і м :

a) Келісімнің нысанасы болып табылатын қоныс аударатын түрді анықтауға;
b) осы қоныс аударатын түрдің таралу аймағының және қоныс аудару жолдарының с и п а т т а м а с ы н қ а м т у ғ а ;

c) әрбір Тараптың Келісімді жүзеге асыруға жауапты өздерінің ұлттық органдарын т а ғ а й ы н д а у ы н к ө з д е у г е ;

d) қажет болған жағдайда Келісімнің мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу, оның тиімділігін бақылау және Тараптар Конференциясы үшін баяндамалар әзірлеу үшін т и і с т і т е т і к т і е с к е р у г е ;

е) Келісім Тараптарының арасындағы дауларды реттеу үшін рәсімдер көздеуге;
ж ә н е ,

ф) кит тәрізді жануарлар отрядының қоныс аударатын түрі жөнінде қандай да бір өзге көпжақты Келісіммен жол берілмейтін осы қоныс аударатын түрдің дарактарын аулауға тым болмаса тыйым салуға және осы қоныс аударатын түрдің таралу аймағының мемлекеттері болып табылмайтын мемлекеттердің осы Келісімге қосылу мүмкіндігін көздеуге тиіс.

5. Тиісті және мүмкін болған жағдайларда әрбір Келісім осымен шектеліп қалмай, мыналарды :

а) осы қоныс аударатын түрдің сақталу мәртебесін кезең-кезеңмен қарап отыруды, сондай-ақ осы мәртебеге кері әсер етуі мүмкін факторларды анықтауды;

б) қоныс аударатын түрді сақтау және оны басқару жоспарларын үйлестіріп отыруды ;

с) осы қоныс аударатын түрдің қоныс аударуын ерекше есепке ала отырып, оның таралымының экологиясы мен серпіні саласындағы зерттеу жұмыстарын;

д) зерттеулердің нәтижелері мен тиісті статистикалық деректер алмасуға ерекше көңіл бөле отырып, осы қоныс аударатын түр туралы ақпарат алмасуды;

е) сақтаудың қолайлы мәртебесін қамтамасыз ету үшін маңызды мекендейтін жерлерді сақтауды, қажет және мүмкін болатын кезде, қалпына келтіруді, сондай-ақ экзотикалық түрлердің жерсінуіне қатаң бақылау жасауды немесе оларға жерсінгеннен кейін бақылау жасауды қоса алғанда, осы қоныс аударатын түрге теріс әсер ететін тәртіп бұзушылықтардан осы мекендейтін жерлерді қорғауды;

ф) қоныс аударатын жолдарға қатысты тиісті дәрежеде орналасқан лайықты мекендейтін жерлер жүйесін сақтауды;

қ) бұл қажет болып көрінетін жағдайларда осы қоныс аударатын түр үшін қолайлы жаңа мекендейтін жерлер құруды немесе қоныс аударатын түрді қолайлы мекендейтін жерлерге қайта жерсіндіруді ;

һ) қоныс аударуға кедергі келтіретін немесе оны қиындататын тосқауылдардың әсерін барынша мүмкін болған дәрежеде тоқтатуды және оларды жоюды немесе олар үшін өтем жасауды ;

і) осы қоныс аударатын түр үшін зиянды заттардың осы қоныс аударатын түр мекендейтін жерге тасталуына жол бермеуді, қысқартуды немесе оны бақылауды;

ј) ақылға қонымды экологиялық принциптерге негізделген қоныс аударатын түрді олжалауды бақылау мен реттеу шараларын;

к) заңсыз олжалаудың алдын алу жөніндегі шараларды үйлестіріп отыру рәсімдерін;

л) қоныс аударатын түрлер үшін елеулі қауіп-қатерлер туралы ақпарат алмасуды;

м) қоныс аударатын түрді сақтау мәртебесі елеулі теріс әсерге ұшыраған жағдайда оны сақтау жөніндегі шараларды тез және айтарлықтай күшейтуге мүмкіндік беретін

т ө т е н ш е

р ә с і м д е р д і ;

ж ә н е

п) қалың жұртшылықты Келісімнің мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыруды көздеуге тиіс.

VI бап. Таралу аймағының мемлекеттері

1. Хатшылық Тараптардан алынған ақпаратты пайдалана отырып, I және II қосымшаларға енгізілген қоныс аударатын түрлердің таралу аймағы мемлекеттерінің есебін тұрақты түрде жүргізіп отырады.

2. Тараптар өздерінің жалауы астында жүзетін және осы қоныс аударатын түрлерді ұлттық юрисдикциядан тысқары жерлерде олжалаумен шұғылданатын кемелер туралы, сондай-ақ, мүмкіндігінше, болашақта осындай олжалау жоспарлары туралы ақпаратты қоса алғанда, өздерін таралу аймағының мемлекеттеріміз деп санайтын I және II қосымшаларға енгізілген қоныс аударатын түрлер жайында Хатшылықты хабардар етіп отырады.

3. I және II қосымшаларға енгізілген қоныс аударатын түрлердің таралу аймағының мемлекеттері болып табылатын Тараптар осы түрлерге қатысты осы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру жөнінде олар қолданып жатқан шаралар туралы Тараптар Конференциясын Хатшылық арқылы Конференцияның әрбір кезекті мәжілісіне дейін алты айдан кешіктірмей хабардар етіп отыруға тиіс.

VII бап. Тараптар Конференциясы

1. Тараптар Конференциясы Конвенцияның шешімдер қабылдау жөніндегі органы болып табылады.

2. Хатшылық Тараптар Конференциясының мәжілісін осы Конвенция күшіне енгеннен кейін екі жылдан кешіктірмей шақырады.

3. Бұдан кейін Хатшылық, егер Тараптар Конференциясы өзге шешім қабылдамаса, Тараптар Конференциясының мәжілістерін ең кемінде үш жылда бір рет жүйелі түрде шақырып тұрады және Тараптардың кем дегенде үштен бірінен бұл туралы жазбаша сұрау салу алғаннан кейін кез келген уақытта төтенше мәжілістер шақырады.

4. Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның қаржылық жағдайын белгілейді және оларды жүйелі түрде қайта қарап отырады. Тараптар Конференциясы әрбір жүйелі мәжілісінде келесі қаржылық кезеңге арналған бюджетті қабылдайды. Әрбір Тарап Конференция белгілеген мүшелік жарналар шәкіліне сәйкес осы бюджетке өзінің жарнасын енгізеді. Бюджеттік ережені, жарналар шәкілі туралы ережені және оларға енгізілген өзгерістерді қоса, қаржылық ереже келген және дауыс беруге қатысып отырған Тараптардың бірауызды шешімімен қабылданады.

5. Әрбір мәжілісінде Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның орындалуын қарайды және, атап айтқанда:

а) қоныс аударатын түрлердің сақталу мәртебесін қарауы және бағалауы;

б) әсіресе I және II қосымшаларға енгізілген қоныс аударатын түрлерді сақтау жөніндегі қызметтің нәтижелерін қарауы;

с) өздерінің міндеттерін орындауы үшін Ғылыми кеңеске және Хатшылыққа қажет болуы мүмкін ережелер мен нұсқаулықтар қабылдауы;

д) Ғылыми кеңес, Хатшылық, кез келген Тарап немесе Келісімге сәйкес құрылған кез келген тұрақты орган ұсынған кез келген баяндаманы алуы және қарауы;

е) Тараптарға қоныс аударатын түрлердің сақталу мәртебесін жақсарту жөнінде кеңес беруі және Келісімдер негізінде жүзеге асырылатын қызметтің нәтижелерін қ а р а у ы ;

ф) Келісім жасалмаған жағдайда қандай да бір қоныс аударатын түрдің немесе қоныс аударатын түрлердің қандай да бір тобының сақталу мәртебесін жақсарту жөніндегі шараларды талқылау мақсатында осы түрлердің таралу аймағының мемлекеттері болып табылатын Тараптардың мәжілісін шақыру жөнінде ұсыныстар ж а с а у ы ;

қ) осы Конвенцияның тиімділігін арттыру жөнінде Тараптарға ұсыныстар жасауы; ж ә н е

h) осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет кез келген қосымша шаралар туралы шешімдер қабылдауы мүмкін.

6. Әрбір мәжілісте Тараптар Конференциясы келесі мәжілістің өтетін уақыты мен о р н ы н б е л г і л е у г е т и і с .

7. Әрбір мәжілісте Тараптар Конференциясы сол мәжіліске арналған рәсім ережесін айқындайды және қабылдайды. Конвенция өзгені көздейтін жағдайларды қоспағанда, Тараптар Конференциясы осындай мәжілісте шешімдер қабылдауы үшін дауыс беруге келген және қатысып отырған Тараптардың үштен екісінің көпшілік дауысы қажет.

8. Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның мамандандырылған мекемелері, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік, сондай-ақ осы Конвенцияның Тараптары болып табылмайтын кез келген мемлекет және - әрбір жеке Келісім үшін - осы Келісімнің Тараптары тағайындаған орган Тараптар Конференциясының мәжілістеріне б а й қ а у ш ы л а р р е т і н д е қ а т ы с у ы м ү м к і н .

9. Тараптар Конференциясының мәжілістеріне байқаушылар ретінде өздерінің қатысқысы келетінін Хатшылыққа хабарлаған қоныс аударатын түрлерді қорғау, сақтау және реттеу саласында техникалық жағынан күзиретті және төмендегі санаттарға жататын кез келген ұйым немесе мекеме, қатысушы Тараптардың ең болмағанда үштен бірі қарсы пікір білдірген жағдайларды қоспағанда, мұндай мүмкіндікті алады:

а) үкіметтік те, үкіметтік емес те халықаралық ұйымдар немесе мекемелер, сондай-ақ ұлттық үкіметтік ұйымдар мен мекемелер; және

б) осы мақсат үшін олар орналасқан мемлекет тағайындаған ұлттық үкіметтік емес ұ й ы м д а р н е м е с е м е к е м е л е р .

Қатысуға рұқсат алған бұл байқаушылардың қатысу құқығы болады, ал дауыс беру құқығы болмайды.

VIII бап. Ғылыми кеңес

1. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші мәжілісінде ғылыми мәселелер бойынша консультация беру үшін Ғылыми кеңес құрады.

2. Әрбір Тарап білікті сарапшыны Ғылыми кеңестің мүшесі етіп тағайындай алады. Сонымен бірге Тараптар Конференциясы таңдап алған және тағайындаған білікті сарапшылар Ғылыми кеңестің мүшелері бола алады, мұндай сарапшылардың саны, оларды іріктеу өлшемдері және оларды тағайындау мерзімі Тараптар Конференциясының шешімі бойынша айқындалады.

3. Хатшылық Ғылыми кеңестің мәжілістерін Тараптар Конференциясының талабы бойынша шақырады.

4. Ғылыми кеңес Тараптар Конференциясының бекітуіне жататын өзінің рәсімдеу ережесін қабылдайды.

5. Тараптар Конференциясы Ғылыми кеңестің функцияларын белгілейді, олар:

а) Тараптар Конференциясына, Хатшылыққа және Тараптар Конференциясының келісімімен осы Конвенцияға немесе Келісімге немесе Келісімге сәйкес құрылған кез келген органға немесе кез келген Тарапқа ғылыми консультациялар беруді;

б) қоныс аударатын түрлерді зерттеу жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және осы жұмыстарды үйлестіру үшін ұсыныстар беруді; қоныс аударатын түрлердің сақталу мәртебесін айқындау мақсатында осы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалауды, сондай-ақ Тараптар Конференциясына осы мәртебе және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы баяндамалар ұсынуды;

с) Тараптар Конференциясына I және II қосымшаларға енгізу қажет қоныс аударатын түрлерге қатысты осы қоныс аударатын түрлердің таралу аймағын көрсете отырып ұсыныстар беруді;

д) Тараптар Конференциясына қоныс аударатын түрлер туралы Келісімге енгізу қажет қоныс аударатын түрлерді сақтау және реттеу жөніндегі нақты шараларға қатысты ұсыныстар беруді; және

е) Тараптар Конференциясына осы Конвенцияны жүзеге асырудың ғылыми аспектілеріне байланысты проблемаларды, атап айтқанда қоныс аударатын түрлердің мекендейтін жерлеріне қатысты проблемаларды шешу үшін ұсыныс беруді қамтуы мүмкін.

IX бап. Хатшылық

1. Осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында Хатшылық құрылады.

2. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының Атқарушы директоры Хатшылықты құрады. Ол қажет деп табатын дәрежеде және жолмен оған бұл істе жабайы жануарларды қорғауда, сақтауда және реттеуде техникалық жағынан құзіретті тиісті үкіметаралық немесе үкіметтік емес, халықаралық немесе ұлттық ұйымдар мен мекемелер көмек көрсетуі мүмкін.

3. Егер Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы бұдан

былай Хатшылық жұмысын қамтамасыз ете алмайтындай күйге ұшыраса, Тараптар Конференциясы оның жұмысын қамтамасыз ету үшін өзге де шараларды қолданады.

4. Хатшылық функцияларына:

- a) мәжілістер ұйымдастыру және оларға қызмет көрсету;
 - i) Тараптар Конференциясының;
 - ii) Ғылыми кеңестің
- b) Тараптармен, Келісімдер негізінде құрылған тұрақты мекемелермен және қоныс аударатын түрлермен шұғылданатын басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс жасап тұру, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстарға көмек көрсету;
- c) барлық тиісті көздерден осы Конвенцияның мақсаттарына және оны орындауға қызмет ететін баяндамалар мен басқа да ақпарат алу және осындай ақпараттың тиісті дәрежеде таратылуын қамтамасыз ету;
- d) осы Конвенцияның мақсаттарына қатысы бар кез келген мәселеге Тараптар Конференциясының назарын аудару;
- e) Тараптар Конференциясы үшін Хатшылық жұмысы туралы және осы Конвенцияның орындалуы туралы баяндамалар әзірлеу;
- f) I және II қосымшаларға енгізілген барлық қоныс аударатын түрлердің таралу аймағы мемлекеттерінің тізімін жүргізу және жариялау;
- g) Тараптар Конференциясының басшылығымен Келісімдер жасасуға жәрдемдесу;
- h) Келісімдер тізімін жүргізу және оны Тараптарға беру және Тараптар Конференциясының талап етуі бойынша осы Келісімдер туралы кез келген ақпаратпен қамтамасыз ету;
- i) VII баптың 5-тармағының "e", "f", "q" тармақшаларына сәйкес Тараптар Конференциясы жасаған ұсыныстардың тізімін немесе осы тармақтың "h" тармақшасына сәйкес қабылданған шешімдердің тізімін жүргізу және жариялау;
- j) жұртшылықты осы Конвенция және оның мақсаттары туралы хабардар ету; және
- k) осы Конвенцияға сәйкес өзіне жүктелген немесе Тараптар Конференциясы тапсырған кез келген басқа функцияларды орындау енеді.

X бап. Конвенция мәтініне енгізілетін түзетулер

1. Тараптар Конференциясының кез келген жүйелі немесе төтенше мәжілісінде осы Конвенцияның мәтініне түзетулер енгізілуі мүмкін.

2. Түзету туралы ұсынысты кез келген Тарап енгізе алады.

3. Ұсынылатын кез келген түзетудің мәтіні мен оның негіздемесі Хатшылыққа олар қаралатын мәжіліс болардан бұрын 150 күннен кешіктірмей беріледі және оны Хатшылық барлық Тараптарға дереу жібереді. Тараптардың осы мәтінге түсініктемелері Хатшылыққа мәжіліс басталардан бұрын 60 күннен кешіктірмей беріледі. Түсініктемелер берудің соңғы күні аяқтала салысымен Хатшылық осы күнге дейін келіп түскен барлық түсініктемелерді Тараптарға дереу жібереді.

4. Түзетулер дауыс беруге келген және қатысып отырған Тараптардың үштен екі

бөлігінің көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Қабылданған түзету оны қабылдаған барлық Тараптар үшін Тараптардың үштен екісі түзетудің қабылданғаны туралы құжатты Депозитарийге сақтауға тапсырған күннен кейінгі үшінші айдың бірінші күні күшіне енеді. Түзету қабылдау туралы өзінің құжатын сақтауға Тараптардың үштен екісі оны қабылдау туралы құжаттарды сақтауға тапсырған мерзімнен кейін тапсырған әрбір басқа Тарап үшін бұл түзету осы Тарап үшін ол қабылдау туралы өзінің құжатын сақтауға тапсырғаннан кейінгі үшінші айдың бірінші күні күшіне енеді.

XI бап. Қосымшаларға енгізілетін түзетулер

1. Тараптар Конференциясының кез келген жүйелі немесе төтенше мәжілісінде осы Конвенцияның I және II қосымшаларының мәтініне түзетулер енгізілуі мүмкін.

2. Түзету туралы ұсынысты кез келген Тарап енгізе алады.

3. Ұсынылатын кез келген түзетудің мәтіні және оның барынша дәлме-дәл ғылыми деректерге сүйенетін негіздемесі Хатшылыққа мәжіліс болардан бұрын 150 күннен кешіктірмей беріледі және оларды Хатшылық барлық Тараптарға дереу жібереді. Тараптардың осы мәтінге түсініктемелері Хатшылыққа мәжіліс басталардан бұрын 60 күннен кешіктірмей беріледі. Түсініктемелер берудің соңғы күні аяқталғаннан кейін Хатшылық осы күнге дейін келіп түскен барлық түсініктемені Тараптарға дереу жібереді.

4. Түзетулер дауыс беруге келген және қатысып отырған Тараптардың үштен екі бөлігінің көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Қосымшаларға енгізілген түзетулер барлық Тараптар үшін, осы Баптың 6-тармағына сәйкес ескерту жасаған Тараптарды қоспағанда, олар қабылданған Тараптар Конференциясының мәжілісінен кейін 90 күннен соң күшіне енеді.

6. Осы Баптың 5-тармағында көзделген 90 күндік мерзім ішінде кез келген Тарап Депозитарийді жазбаша түрде хабардар ету арқылы түзетуге қатысты ескерту жасай алады. Түзетуге қатысты ескерту Депозитарийді жазбаша түрде хабардар ету арқылы алынып тасталуы мүмкін және осы Тарап үшін түзету осыдан соң ескерту алынғаннан кейін 90 күннен соң күшіне енеді.

XII бап. Халықаралық Конвенцияларға және басқа заңнамалық актілерге ықпал етуі

1. Осы Конвенцияда ештеңе де Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 2750 С (XXV) қарарына сәйкес шақырылған Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі Конференциясының теңіз құқығы нормаларын жіктеуін және әзірлеуін, кез келген мемлекеттің теңіз құқығына қатысты қазіргі немесе болашақтағы талаптарын және заңдық көзқарасын, жағалаудағы мемлекет пен жалау мемлекеті юрисдикциясының сипаты мен шегін қозғамайды.

2. Осы Конвенцияның ережелері қолданыстағы шарттардан, конвенциялардан немесе келісімдерден туындайтын қандай да болсын Тараптың құқықтарын немесе

міндеттемелерін ешбір дәрежеде қозғамайды.

3. Осы Конвенцияның ережелері Тараптардың I және II қосымшаларға енгізілген қоныс аударатын түрлерді сақтау жөнінде неғұрлым қатаң ішкі шаралар немесе I және II қосымшаларға енгізілмеген түрлерді сақтау жөнінде ішкі шаралар қолдану жөніндегі құқықтарын ешбір дәрежеде қозғамайды.

XIII бап. Дауларды реттеу

1. Осы Конвенцияның ережелерін түсіндіру немесе қолдану туралы екі немесе одан да көп Тараптар арасында туындауы мүмкін кез келген дау оған қатысушы Тараптар арасындағы келіссөздердің нысанасы болуға тиіс.

2. Егер дау осы баптың 1-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, Тараптар өзара келісім бойынша даулы мәселені қарауды төрелік сотқа, атап айтқанда Гаагадағы Аралық соттың Тұрақты Палатасына жібере алады; төрелік сот шешімі төрелік сотқа жүгінген Тараптар үшін міндетті болып табылады.

XIV бап. Ескертулер

1. Осы Конвенцияның ережелеріне жалпылама ескертулер жасалмайды. Арнайы ескертулер осы Баптың және XI баптың ережелеріне сәйкес енгізілуі мүмкін.

2. Аймақтық экономикалық ықпалдасудың кез келген мемлекеті мен кез келген ұйымы өзінің бекіту грамотасын, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсырған кезде I немесе II қосымшаларға немесе екі Қосымшаға да кез келген қоныс аударатын түрді енгізуге қатысты арнайы ескерту жасауы мүмкін және Депозитарий ескертудің алып тасталғаны жайында барлық Тарапты хабардар еткеннен кейін 90 күндік мерзім аяқталғанға дейін осы ескертудің нысанасына қатысты Тарап деп есептелмейтін болады.

XV бап. Қол қою

Осы Конвенция Боннда қол қоюға барлық мемлекеттер үшін және аймақтық экономикалық ықпалдасудың кез келген ұйымы үшін 1980 жылғы жиырма екінші маусымға дейін ашық.

XVI бап. Бекіту, қабылдау және бекіту

Осы Конвенция бекітуге, қабылдауға немесе бекітуге жатады. Бекіту грамоталары, қабылдау немесе бекіту туралы құжаттар сақтауға Депозитарий болып табылатын Германия Федеративтік Республикасының Үкіметіне тапсырылады.

XVII бап. Қосылу

Осы Конвенция оған қол қоймаған барлық мемлекеттер мен аймақтық экономикалық ықпалдасудың кез келген ұйымның қосылуы үшін 1980 жылғы жиырма екінші маусымнан бастап ашық. Қосылу туралы құжаттар Депозитарийге сақтауға тапсырылады.

XVIII бап. Күшіне енуі

1. Осы Конвенция Депозитарийге сақтауға он бесінші бекіту грамотасы, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжат тапсырылған күннен кейінгі үшінші айдың бірінші

к ү н і

к ү ш і н е

е н е д і .

2. Осы Конвенцияны бекітетін, қабылдайтын немесе қуаттайтын немесе оған он бесінші бекіту грамотасы, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін қосылатын әрбір мемлекет үшін немесе аймақтық экономикалық ықпалдасудың әрбір ұйымы үшін осы Конвенция осы мемлекет немесе осы ұйым өзінің бекіту грамотасын, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырған күннен кейінгі үшінші айдың бірінші күні күшіне енеді.

ХІХ бап. Күшін жоюы

Кез келген Тарап Депозитарийді жазбаша хабардар ету арқылы осы Конвенцияның күшін кез келген уақытта жоя алады. Күшін жою Депозитарий күшін жою туралы хабарлама алғаннан кейін 12 айдан кейін күшіне енеді.

ХХ бап. Депозитарий

1. Осы Конвенцияның барлық мәтіннің де күші бірдей ағылшын, испан, неміс, орыс және француз тілдерінде жасалған түпнұсқасы сақтауға Депозитарийге тапсырылады. Депозитарий осы мәтіндердің әрқайсысының куәландырылған көшірмелерін Конвенцияға қол қойған немесе оған қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсырған барлық мемлекеттерге және аймақтық экономикалық ықпалдасу ұйымдарына жібереді.

2. Мүдделі үкіметтермен консультация алысқаннан кейін Депозитарий осы Конвенцияның араб және қытай тілдеріндегі ресми мәтіндерін әзірлейді.

3. Депозитарий Конвенцияға қол қойған және оған қосылған барлық мемлекеттер мен аймақтық экономикалық ықпалдасу ұйымдарын, сондай-ақ Хатшылықты осы Конвенцияға қол қойылғаны, бекіту грамоталарының, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттардың тапсырылғаны жайында, оның күшіне енгені, оған енгізілген түзетулер жайында, арнайы ескертулер және күшін жою туралы хабарламалар жайында х а б а р д а р е т е д і .

4. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бірден оның куәландырылған көшірмесін Депозитарий Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу және жариялау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығына береді.

Осыған тиісті дәрежеде уәкілетті төмендегі қол қоюшылар ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН осы Конвенцияға қол қойды.

Боннда бір мың тоғыз жүз жетпіс тоғызыншы жылғы жиырма үшінші маусымда: атынан ЖАСАЛДЫ.

I ҚОСЫМША

Т ү с і н д і р м е .

1. Осы Қосымшада аталған қоныс аударатын түрлер былай:

(а) түр немесе түр тармағының атауымен; немесе

(б) барынша көп үйірлі қоныс аударатын түрлердің жиынтығымен немесе осы үйірдің белгілі бір бөлігімен белгіленеді.

2. Түрлермен салыстырғанда неғұрлым көп үйірлерге өзге сілтеме жасаулар тек

ақпарат немесе жіктеу мақсаттарына ғана қызмет етеді.

3. Қысқарту (s.l.) ғылыми атауы неғұрлым кең мағынада қолданылатынын білдіреді

4. (-) белгісі мен үйір атауының жанындағы сан мынадай белгілі бір, географиялық жағынан оқшауланған таралымдардың осы үйірден шығарылғанын білдіреді:

- 101 перу таралымдары.

5. (+) белгісі мен түрдің жанындағы сан Қосымшаға тек осы түрдің белгілі бір, географиялық жағынан оқшауланған таралымдарының енгізілгенін білдіреді:

+ 201 Солтүстік-Батыс Африка таралымдары;

+ 202 африкалық таралымдар;

+ 203 Амазонканың жоғарғы бассейнінің таралымдары.

6. Түр атауының жанындағы (*) белгісі осы түр немесе осы түрдің оқшауланған таралымы немесе осы түрді қамтитын барынша көп үйір II Қосымшаға енетінін білдіреді.

Mammalia		Reptilia	
Chiroptera Molossidae	Tadarida brasiliensis	Testudines Cheicniidae DeiTnochelidae Pelomedusidae	Lepidochelys kempii* Dermocnsllys coriacea* Podocnemis expansa* + 203
Primates Pongidae	Gorilla gorilla beringei	Crocodylia Gavialidae	Gavialis gangeticus
Cetacea Balaenopteridae	Balaenoptera musculus Megaptera novaeangliae	Pisces	
Balaenidae	Balaena mysticetus Eubalaena gladalis (s.I.)	Siluriformes Schilbeidae	Pangasianodon gigas
Pinnipedia Phocidae	Monachus monachus*		
Perissodactyla Equidae	Equus grevyi		
Artiodactyla Camelidae Cervidae Bovidae	Lama vicugna * - 101 Cervus elaphus barbams Bos sauveli Addax nasomuculatus Gazeila cuvieri Gazella dama Gazeila dorcas - f201		
Aves			

Proceliariiformes Diomedidae Procellariidae	Diomedea atbatrus Pterodroma cahow Pterodroma phaeopygia		
Ciconiiformes Ardeidae Ciconiidae Threskiornithidae	Egretta enophotes Ciccunia boydana Geronticus eremita		
Anseriformes Anatidae	Chioephaga rubidiceps"		
Falconiformes Accipitridae	Haliaeetus pelagicus'		
Grui formes Gruidae	Grus japonensis* Grus leucogeranus* Grus nigricollis*		
Otididae	Chlamydotis undulata*+201		
Charadriiformes Scolopacidae	Numenius borealis* Numenius tenuirostris*		
Laridae	Larus audouinii Larus relictus Larus saundersi		
Alcidae	Synthliboramphus wumizusume		
Passeriformes Parulidae Fringillidae	Dendroica kirtlandii Serinus syriacus		

II ҚОСЫМША

Т ү с і н д і р м е

1. Осы Қосымшада аталған қоныс аударатын түрлер былай:

- (a) түр немесе түр тармағының атауымен; немесе
(b) барынша көп үйірлі қоныс аударатын түрлердің жиынтығымен немесе осы үйірдің белгілі бір бөлігімен белгіленеді.

Басқа көрсеткіштер болмаған кезде түрмен салыстырғанда барынша көп үйірге сілтеме жасау Келісімдер жасасу осы үйірдің барлық қоныс аударатын түрлеріне едәуір пайда әкелуі мүмкін екенін білдіреді.

2. Үйірдің немесе тұқымның атауынан кейінгі қысқарту (spp.) осы үйірдің немесе осы тұқымның барлық қоныс аударатын түрлерін белгілеу үшін пайдаланылады.

3. Түрлермен салыстырғанда неғұрлым көп үйірлерге өзге сілтеме жасаулар ақпарат немесе жіктеу мақсаттарына ғана қызмет етеді.

4. Қысқарту (s.l.) ғылыми атауы неғұрлым кең мағынада қолданылатынын білдіреді

5. (+) белгісі мен түрдің жанындағы сан Қосымшаға осы үйірдің мынадай белгілі

бір, географиялық жағынан оқшауланған таралымдары ғана енгізілгенін білдіреді:

+ 201 азиялық таралымдар.

6. Түр атауының немесе барынша көп үйірдің жанындағы (*) белгісі осы түр немесе осы түрдің географиялық жағынан оқшауланған таралымы немесе барынша көп үйірге енетін бір немесе бірнеше түрлер І қосымшаға енгізілгенін білдіреді.

Mammalia			
Cetacea		Galli formes	
Monodontidae	Delphinapterus leucas	Phasianidae	Coturnix coturnix coturnix
Proboscidae Elephantidae	Loxodonta africana	Grui formes Gruidae	Grus spp.* Anthropoides virgo
Sirenia Dugongidae	Dugong dugon	Otididae	Chlamydotis undulata* + 201
Pttnnipedia Phocidae	Monachus monachus'	Charadri Charadriidae Scolopacidae Recurvirostridae Phaiaropodidae	s p p . s p p . * s p p . spp.
Artiodactyla Camelidae Bovidae	Lama vicugna* Oryx dammah Gazelle gazella -f 201	Passeriformes Muscicapidae (s.l.)	spp.
Aves		Reptilia	
Pelecaniformes Pelecanidae	Pelecanus crispus	Testudines Cheioniidae Derrnochelidae Pelomedusidae	s p p . * s p p . * Podocnemis expansa
Ciconiiformas Ciconiidae	Ciconia ciconia Ciconia nigra	Crocodyita Crocodylidae	Crocodilus porosus
Threskiornithidae Phoenicopteridae	Ptatalea leucorodia spp.	Pisces	
Anseri formes Anatidae	spp.*	Acipenseriformes Acipenseridae	Acipenser fulvescens
Falconiformes Cathartidae Pandionidae Accipitridae Falconidae	s p p . Pandion haiiaetus s p p . * spp.	Insecta	
		Lepidoptera Danidae	Danaus plexippus

Осымен 1979 жылғы 23 маусымда Боннда жасалған "Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенцияның" қазақша мәтінінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің*

Аппарат басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК